

«Бекітілді»
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ
Директорлар кеңесінің
2022 жылғы «15» ақпан №3 шешімімен

**«Аграрлық несие корпорациясы»
акционерлік қоғамындағы
сыртқы аудитті ұйымдастыру саясаты**

МАЗМҰНЫ:

1.	Жалпы ережелер	2
2.	Терминдер мен анықтамалар	2
3.	Мақсаттар мен негізгі қағидаттар	3
4.	Негізгі талаптар және сыртқы аудитті ұйымдастыру тәртібі	4
5.	Сыртқы аудитордың қаржылық есептілік аудитін және аудиторлық емес қызметтерді көрсету кезіндегі мүдделер қақтығысы	4
6.	Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетіне сыртқы аудитор туралы ақпаратты ұсыну	6
7.	Сыртқы аудитті жүргізу кезінде жоба бойынша серіктесті ротациялау	6
8.	Сыртқы аудитор қызметкерлерін Холдингке жұмысқа қабылдау	7
9.	Қорытынды ережелер	7

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамындағы сыртқы аудитті ұйымдастыру саясаты (бұдан әрі - Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының ішкі құжаттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мойындаған халықаралық қаржылық есептілік және аудит стандарттарына сәйкес әзірленді.

2. Саясатта көзделген негізгі ережелер сыртқы аудитордың объективтілігіне немесе тәуелсіздігіне нұқсан келтірместен белгілі бір аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерді көрсету үшін аудиторларды тартуға мүмкіндік береді.

2-тарау. Терминдер мен анықтамалар

3. Осы Саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылған:

1) аудиторлыққа үміткерлерді аттестациялау жөніндегі біліктілік комиссиясы аттестациядан өткізген, «аудитор» біліктілігін беру туралы біліктілік куәлігін алған жеке тұлға;

2) аудиторлық қызмет - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық есептілікке және қаржылық есептілікке байланысты өзге де ақпаратқа аудит жүргізу және қызмет көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

3) аудиторлық есеп - жүргізілген аудиттің нәтижесі болып табылатын жазбаша ресми құжат ;

4) аудит - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік және қаржылық есептілікке байланысты өзге де ақпарат туралы тәуелсіз пікір білдіру мақсатында жүргізілетін тексеріс ;

5) аудиторлық ұйым (бұдан әрі - сыртқы аудитор) - аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін құрылған және аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымның мүшесі болып табылатын коммерциялық ұйым;

6) әдеп кодексі - Халықаралық бухгалтерлер федерациясы шығарған және Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасында қолданылатын аудиторлардың, аудиторлық және кәсіптік ұйымдардың кәсіби қызметінің этикалық қағидаларының жиынтығы;

7) Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеті - Директорлар кеңесіне Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін (соның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығын) тиімді бақылау жүйесін орнату жөнінде, тәуекелдерді ішкі бақылау мен басқару жүйелерінің сенімділігін және тиімділігін, сондай-ақ корпоративтік басқару саласында құжаттардың орындалуын мониторингтеу жөнінде, сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау жөнінде ұсыныстар дайындау арқылы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында құрылған «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органы;

8) мүдделер қақтығысы - аудиторлық ұйымның мүдделілігі оның Қоғамның қаржылық есептілігінің дұрыстығы туралы пікіріне әсер етуі мүмкін жағдай;

9) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арналған арнайы мақсаттағы аудит - бюджет қаражатын пайдалану мәселесі бойынша аудит;

10) салықтар бойынша аудит - уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен жүргізілетін, салықтардың барлық түрлері мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша есептеудің және төлеудің дұрыстығы, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың және аударудың толықтығы мен уақтылығы, әлеуметтік аударымдарды есептеу мен төлеудің толықтығы мен уақтылығы мәселесі бойынша аудит;

11) жоба бойынша серіктес - аудит үшін, сондай-ақ сыртқы аудитордың атынан шығарылған есеп (қорытынды) үшін жауапты серіктес немесе сыртқы аудитордың басқа да тұлғалары ;

12) басшылыққа хат - бухгалтерлік есептіліктегі қателіктерге әкелуі мүмкін шоттардағы, бухгалтерлік есеп және ішкі бақылау жүйелеріндегі кемшіліктер туралы ақпаратпен және анықталған кемшіліктерді түзету бойынша тиісті ұсыныстармен Сыртқы аудитордың Қоғам басшылығына жазбаша өтініші;

13) қаржылық есептілік - бұл қаржылық жағдай, қызмет нәтижелері және Қоғамның қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы ақпарат;

14) жауапты бөлімше - квазимемлекеттік сектор субъектілерінің аудитін, арнайы мақсаттағы аудитін, салықтар бойынша аудитті (бұдан әрі - аудит) жүргізуге жауапты Қоғамның құрылымдық бөлімшелері.

Осы бөлімде көрсетілмеген, бірақ осы Саясаттың мәтіні бойынша қолданылатын ұғымдардың, терминдер мен қысқартулардың Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес анықтамалары бар.

3-тарау. Мақсаттар мен негізгі қағидаттар

4. Саясаттың мақсаты сыртқы аудиторды тарту бойынша тиімді қызметті ұйымдастыру (өз қызметінің бейіні бойынша сыртқы аудиторлар көрсететін аудиторлық емес қызметтерді қоса алғанда), оларды таңдау бойынша жалпы қабылданған рәсімдерді енгізу, аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерді ұсыну кезінде Қоғамның сыртқы аудиторларының тәуелсіздік мәртебесін сақтауын қамтамасыз ету және мүдделер қақтығысына жол бермеу болып табылады.

5. Сыртқы аудитті ұйымдастыру мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) адалдық;
- 2) объективтілік;
- 3) кәсіби құзыреттілік;
- 4) құпиялылық;
- 5) кәсіптік мінез-құлық;
- 6) тәуелсіздік;
- 7) кәсіптік стандарттар;
- 8) Қоғамның стандарттары мен ішкі рәсімдерін сақтау.

6. Сыртқы аудитор Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін халықаралық аудит стандарттарына сәйкес, сондай-ақ аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы болған кезде кәсіби қызметтерді орындайды.

4-тарау. Негізгі талаптар және сыртқы аудитті ұйымдастыру тәртібі

7. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және Қоғамның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруды регламенттейтін ішкі құжатында көзделген тәртіппен сыртқы аудитті ұйымдастыру мақсатында мынадай рәсімдер жүзеге асырылады:

- 1) сыртқы аудитордың көрсететін қызметтерін сатып алу рәсімдерін жүргізу;
- 2) сыртқы аудиторды және оның көрсететін қызметі үшін төленетін ақы мөлшерін анықтау;
- 3) аудит жүргізуге шарт жасау;

8. Жауапты бөлімше және оған жетекшілік ететін басшы қызметкер сыртқы аудитті ұйымдастыру мәселелері бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетіне жәрдем көрсетеді.

9. Аудит жүргізуге арналған шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жасалады.

10. Тиісінше қамтуды және қосарланған жұмысты барынша азайтуды қамтамасыз ету мақсатында сыртқы аудиторларға және ІАҚ өз қызметінің жоспарлары мен нәтижелері туралы ақпаратпен алмасуға рұқсат етіледі.

Сыртқы аудиторға оның сұрау салуы бойынша ІАҚ қызметінің нәтижелері туралы бекітілген есептерге, басшылықтың осы есептерге берген жауаптарына және ІАҚ және сыртқы аудиторлардың ұсынымдары бойынша түзету іс-қимылдарының орындалуына жүргізілген ІАҚ мониторингінің нәтижелеріне қолжетімділік берілуі мүмкін.

Аудит қорытындысы бойынша сыртқы аудитор ІАҚ және Қоғам менеджментіне өз есебінің даналарын (электрондық файлдарын), Қоғам басшылығына хаттарды және олар бойынша презентацияларды жібереді.

Сыртқы аудитордың есептерін, басшылыққа жолдаған хаттарын және ұсынымдарын талдағаннан кейін (бар болса), ІАҚ және аудитке жауапты құрылымдық бөлімшелер Қоғаммен олардың орындалуын мониторингтеу жұмысын жүзеге асырады.

Белгілі бір есепті кезеңде көрсетілген аудиторлық қызметтердің қорытындылары бойынша сыртқы аудитор және ІАҚ (қажет болған жағдайда) Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетіне өзінің өзара іс-қимылдарының нәтижелері мен тиімділігі туралы хабарлайды.

5-тарау. Сыртқы аудитордың қаржылық есептілік аудитін және аудиторлық емес қызметтерді көрсету кезіндегі мүдделер қақтығысы

11. Сыртқы аудиторға «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) көзделген жағдайларда аудит жүргізуге тыйым салынады:

1) қатысушысы, кредиторы осы аудиторлық ұйым немесе осы аудитті жүзеге асыратын оның қызметкерлері болып табылатын тапсырыс берушілердің, салықтар бойынша, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің арнайы мақсаттағы, өзге ақпарат аудитін;

2) соңғы үш жылда азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарты жасалған ұйымдардың;

3) соңғы үш жылда Заңның 3-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің 2) және (немесе) 3) тармақшаларында (бухгалтерлік есеп және (немесе) қаржылық есептілік бөлігінде) аталған қызметтер көрсетілген ұйымдардың;

4) Қоғамның лауазымды тұлғаларымен еңбек қатынастарында тұратын немесе олардың, сондай-ақ Қоғамның акцияларының (немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын иеленетін акционердің (қатысушының) жақын туыстары немесе жекжаттары болып табылатын орындаушылардың;

5) Қоғамда жеке мүліктік мүдделері бар орындаушылардың;

6) егер аудит, салықтар бойынша аудит, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің арнайы мақсаттағы аудиті, өзге де ақпарат аудитін жүргізу жөніндегі міндеттемелерді қоспағанда, оның Қоғам алдында немесе Қоғамның оның алдында ақшалай міндеттемелері болса

7) жасалған жария шарттардан туындайтын міндеттемелерді қоспағанда, мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соғатын немесе осындай қақтығыстың туындау қаупін туғызатын жағдайларда;

міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдарға қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкес келмейтін аудиторлық ұйымның міндетті аудит жүргізуіне тыйым салынады

12. Көрсетілетін қызметтерді алу кезінде, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезіндегідей, қаржылық есептілік аудиті бойынша Қоғам мыналардың салдарынан сыртқы аудитордың тәуелсіздігіне әсер ететін мүдделер қақтығысы (сыртқы аудитордың мүдделілігі оның қаржылық есептіліктің дұрыстығы туралы пікіріне әсер етуі мүмкін жағдай) қаупінің (тәуекел) туындау мүмкіндігін қарауға тиіс:

1) осы сыртқы аудитордан бұрын алынған көрсетілетін қызмет сипатының;

2) қаржылық есептілікпен қамтылған кезең ішінде немесе одан кейін осы сыртқы аудитормен қаржылық немесе іскерлік қатынастардың.

Қоғамның сыртқы аудитор үшін өзін-өзі бақылау қатерін болдырмау немесе оны қолайлы деңгейге дейін жеткізу үшін шаралар қолданбаған немесе қолдануы мүмкін болмаған жағдайда, Қоғам мұндай сыртқы аудитордан қаржылық есептілік аудиті бойынша көрсетілетін қызметтерді ала алмайды.

13. Этика кодексіне сәйкес, қаржылық есептілік аудитімен байланысты емес бірқатар қызметтерді (аудиторлық емес қызметтерді) көрсету, Саясаттың 15-тармағында белгіленген тізімге сәйкес, сыртқы аудитордың тәуелсіздігіне әсер ететін мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін. Бұл ретте, Қоғам қызметтерді алуға мүдделі тұлға ретінде, мұндай қызметтерді алудан туындайтын кез келген қатердің маңыздылығын бағалауы қажет. Кейбір жағдайларда сақтық шараларын қолдану арқылы оны алып тастауға немесе қолайлы деңгейге дейін төмендетуге болады, ал басқа жағдайларда мұндай қауіпті ешқандай сақтық шараларымен қолайлы деңгейге дейін төмендету мүмкін емес.

14. Қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыратын сыртқы аудитор алатын қызметтердің мынадай түрлері бойынша, оның тәуелсіздігіне әсер ететін мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін:

1) бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау бойынша көрсетілетін қызметтер.

Осы сыртқы аудитордың пікірі тәуелсіздігін осындай сыртқы аудитордың бұзуына байланысты, Қоғамның сыртқы аудитордан бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілік жасау бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуына және (немесе) алуына жол берілмейді;

2) салықтар бойынша заңнаманы қолдану мәселелері жөнінде консультация беру бойынша көрсетілетін қызметтер.

Егер Қоғам салықтық міндеттемелерді/тәуекелдерді бағалау бойынша көрсетілетін қызметтерді немесе салықтық жоспарлау мақсатында алса және бұл сыртқы аудитордың тәуелсіздігіне айтарлықтай қауіп төндірмесе, өйткені мұндай бағалаулар бойынша түпкілікті шешімді Қоғам қабылдайды, және мұндай бағалаулар қаржылық есептілікте көрсетілмеуі мүмкін;

3) ішкі аудиттің көрсететін қызметі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес қаржылық есептілік аудитін жүргізу үшін талап етілетін рәсімдердің жалғасын білдіретін ішкі аудит қызметтері. Қоғамның ішкі аудитті жүзеге асыру бойынша функцияларды сыртқы аудиторға беруіне жол берілмейді, өйткені мұндай қызметтерді көрсету сыртқы аудитор үшін тәуелсіздік қауіпін төндіреді. Сыртқы аудитордың персоналы Қоғамның ішкі аудит қызметінің қызметкерлері ретінде әрекет етпесе, мұндай қауіп сыртқы аудитор үшін барынша азайтылуы мүмкін;

4) бухгалтерлік есепті жүргізуді автоматтандыру және қаржылық есептілікті жасау жөнінде ұсынымдар.

Қоғамның қаржылық есептілігіне кіретін ақпаратты өңдеу үшін пайдаланылатын ақпараттық-технологиялық жүйелерді әзірлеуге және енгізуге байланысты көрсетілетін қызметтерді алуы сыртқы аудитордың тәуелсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін.

Мұндай қызметтер бойынша Қоғамнан тәуелсіздік қамтамасыз ететін тиісті сақтық шараларын сақтау талап етіледі:

Қоғамның ішкі бақылау жүйесін құру, ұстау және мониторингтеу үшін өз жауапкершілігін мойындауы;

Қоғамның лауазымды тұлғасының бағдарламалық құралдарды әзірлеуге және енгізуге қатысты барлық басқарушылық шешімдерді қабылдауға жауапты құзыретті қызметкерді тағайындауы;

Қоғамның жауапты лауазымды тұлғасының жүйелердің пайдаланылуын және пайдаланылатын немесе жасалатын жүйелердің деректерін бақылауы.

5) аудиторлық қызметке байланысты заңгерлік көрсетілетін қызметтер.

Қоғамның қаржылық есептілікке айтарлықтай әсер етпейтін мәселелер бойынша заңгерлік көрсетілетін қызметтерді алуы сыртқы аудитордың тәуелсіздігіне қолайсыз қауіп төндіретін фактор болып табылмайды.

Қоғам қандай да бір салада көмек алу мақсатында алатын заңгерлік көрсетілетін қызметтер (мысалы, шарт жасау, заңгерлік кеңес беру, заң сараптамасы немесе қайта ұйымдастыру жөніндегі кеңестер) сыртқы аудитордың тәуелсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін, бірақ бұл ретте мұндай қатерді қолайлы деңгейге дейін төмендете алатын сақтық шаралары қолданылуы мүмкін. Көрсетілетін мұндай қызметтер, әдетте, Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін топ мүшелері осы қызметтерді көрсетуге қатыспайтын жағдайда, сыртқы аудитордың тәуелсіздігіне теріс әсер етпейді.

15. Қоғамның сыртқы аудитордан алатын қызметтері объективтілік пен құпиялылық қағидаттарын бұзбауға тиіс.

6-тарау. Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетіне сыртқы аудитор туралы ақпаратты ұсыну

16. Жылына кемінде бір рет жауапты бөлімшеге жетекшілік ететін Қоғамның басшы қызметкері Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетіне өткен есепті жылдағы ақпараттың, оның ішінде, мыналар жөніндегі ақпараттың ұсынылуын қамтамасыз етеді:

1) аудиторлық қызмет туралы заңнамаға сәйкес Қоғамның сыртқы аудиторы көрсеткен өзге де қызметтердің көлемі бойынша (көрсетілетін қызметтердің әртүрлі санаттары бойынша бөліністе);

2) Қоғам сыртқы аудиторға осындай қызметтер көрсеткені үшін төлеген сыйақы бойынша (көрсетілген әрбір жеке қызмет үшін және жиынтығында).

7-тарау. Сыртқы аудитті жүргізу кезінде жоба бойынша серіктесті ротациялау

17. Халықаралық тәжірибеге сәйкес сыртқы аудитор әрбір бес жыл сайын жоба бойынша серіктеске (аудит үшін негізгі жауапкершілікті көтеретін) ротациялау қағидатын ұстануы керек.

Міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдарға қойылатын минималды талаптарға сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша, аудиторлық ұйымдар бір ұйымның, оның ішінде қаржы ұйымының аудитін 7 (жеті) жыл бойы үздіксіз жүзеге асырған жағдайда, ротациялауға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және Қоғамның тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруды регламенттейтін ішкі құжатында көзделген тәртіппен өткен жылы сыртқы аудитті жүзеге асырған сыртқы аудитор таңдалса, мұндай сыртқы аудитор жоба бойынша серіктестің сабақтастық жоспарын дайындайды, ол Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің қарауына ұсынылады.

Алдындағы сыртқы аудитордан басқа сыртқы аудитор таңдалған жағдайда, жоба бойынша серіктестің сабақтастық жоспарын дайындау талап етілмейді.

8-тарау. Сыртқы аудитор қызметкерлерін Холдингке жұмысқа қабылдау

18. Егер Қоғамның Басқарма мүшесі, Басқарушы директоры немесе бас бухгалтері лауазымына сыртқы аудитордың қызметкері ретінде Қоғамның міндетті аудитіне қатысатын немесе Қоғамға тағайындалған (сайланған) күннің алдындағы екі жыл ішінде Қоғамның міндетті аудитіне сыртқы аудитордың қызметкері ретінде қатысқан тұлғаның тағайындалуы (сайлануы) көзделген болса, мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында, тағайындау (сайлау) туралы мәселені одан әрі қарау үшін, болжамды үміткер бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің алдын ала мақұлдауын алу талап етіледі.

9-тарау. Қорытынды ережелер

19. Осы Саясатпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің шешімдерімен және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарымен реттеледі.

Осы Саясаттың жекелеген ережелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшылықтары болған жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары қолданылады.

20. Осы Саясат, сондай-ақ оған енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі.